The background features a white circular frame with a drop shadow effect, centered on a white background. Surrounding the frame are numerous colorful circles in shades of purple, yellow, green, and pink, of varying sizes, creating a vibrant and abstract pattern.

Қазақстан Республикасы
кәсіпорындарында логистиканы
жетілдіру жолдары. Таратудағы
логистикалық делдалдар. Қазақстан
Республикасындағы тасымалдау
жүйелері

Орындаған: Достан А

Жоспар:

1

Кәсіпорын логистикасы

2

Логистикалық сервис түсінігі

3

Кәсіпорында логистиканы қолдану тиімділігі

4

Таратудағы логистикалық делдалдар

5


ҚР тасымалдау жүйелері

Кәсіпорын ішінде материалды ағымдарды басқару үрдісінде негізінен өндірістік логистиканың мәселелері шешіледі. Бұл сатының ерекшелігі мынада: ағымды жүргізу бойынша жұмыстардың негізгі көлемі бір кәсіпорын территориясының шеңберінде орындалады. Өндірістік логистиканың саласы материалды сатып алу және дайын өнімді бөлу саласымен тығыз байланысты. Бірақ осы саладағы негізгі мәселелер — өндіріс үрдісіндегі материалды ағымдарды басқару.



Қазіргі таңда Қазақстандағы логистиканың дамуы нарық заңдары мен қағидаларынан туындағандай логистиканы игеру және оны кәсіпорындағы басқару жүйесімен бірігуі нарықтық экономиканың даму деңгейін көрсетеді.


Нарықтағы қатаң бәсеке, халықтың төлем қабілеттілігінің төменділігі, кәсіпорынның айналым құралдарының жеткіліксіздігі, өндірістік шығындардың үнемі өсуі отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, өткізуді қиындатуда.





Кәсіпорында логистикалық сервисті дамыту

- Логистикалық сервис деңгейін арттыру
 - Тауар сапасын арттыру
- Жаңа тауар шығару
- Өзара байланыс қалыптастыру




Материалдық ағындар әртүрлі кәсіпорындар мен ұйымдар іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болады, олар:

- Кәсіпорындар
 - ортақ пайдаланудағы транспорттық кәсіпорындар;
 - көтерме сауда кәсіпорындары
- Өндіруші-кәсіпорындар
 - Өндіруші-кәсіпорындар, олардың дайын өнім қоймалары әртүрлі логистикалық операцияларды орындайды
 - коммерциялық-делдалдық ұйымдар;

Осы кәсіпорындар мен ұйымдар күшімен материалдық ағындар құрастырылады, тауар қозғалысының процесі іске асырылады және бақыланады. Аталған логистикалық процеске қатысушылардың әр қайсысы логистикалық функциялардың белгілі біртобын орындауға маманданады. **Логистикалық функция** – бұл логистикалық жүйенің мақсаттарын орындауға бағытталған логистикалық операциялардың іріленген тобы. Кестеде негізгі логистикалық функциялардың тізімі және олардың логистикалық процесс мүшелері арасындағы бөлінуі көрсетілген.






Кәсіпорынның өндіріс және айналым салаларында логистиканы қолдану келесідей мүмкіндіктер береді:

Логистикалық тізбек бойындағы тауарлар


қозғалысының уақытын қысқарту;

- Материалды ағымдар қозғалысының бүкіл жолындағы қорларды төмендету
- Тасымалдау шығындарын төмендету;
- Қол еңбегінің шығындарын және жүк операцияларының сәйкес шығындарын қысқарту.

Дайын өнімді сату процесінде материалдық ағымдарды басқару кезінде **таратушылық логистика** міндеттері шешіледі. Оларды өндірістік кәсіпорындар да, саудалық-делдалдық кәсіпорындар да орындайды. Тарату функциясын іске асыру басқаша айтқанда өткізу деп аталады. тарату логистика саласына материалдық ағым өндірістік цехтарда бола тұрып түседі. Демек, орама және ыдыс, партияның көлемінің, дайындалу уақытының мәселелері материалдық ағымды басқарудың ертерек кезеңдерінде шешіле бастайды.



Тасымалдаушы – өзіне тапсырылған жүкті тағайындалған пунктке жеткізуге және жүкті жүк қабылдаушыға беруге немесе басқа көліктік ұйымға беру міндеті жүктелінген, тасымалдау келісім-шартының тарабы. Жүкті жекізу – мерзіммен, тәртіптермен, сақтықтармен және т.б. байланысты анықталған шарттардың орындалуымен жүкті жөнелтушіден жүкті қабылдаушыға дейінгі жүктің орын ауыстыру үрдісі.



Қазіргі замандағы жүкті тасымалдау түсінігі біздің мемлекетте нарықтық қатынастардың дамуынан бастап кәсіпорындарды теңдеу саласынан және экономикалық салалардан көліктік қызмет ету саласына дейін біраз өзгерістер енді. Тұтынушы жағынан қарағанда көліктік сервис жүктің келіскен мерзімде, келіскен жеріне аз шығынмен жеткізуін қамтамасыз ету керек. Сондықтан көліктік қызметтердің пайдаланатындар және тасымалдау әдістерін ең тиімді логистикалық сервисті қамтамасыз ететін көліктің түрлерін таңдайды.



Қазақстан Республикасында тасымалдау жүйесіне теміржол көлігі, әуе көлігі, су көлігі, құбыр көлігі және автомобиль көлігі жатады.

Темір жол саласы. Ұзындығы магистральдық темір жол желісі — 14 205,4 километр, электрлендірілген теміржолдар — 4 143,5 км, 29,6%). Жазылмалы ұзындығы магистральдық жолдар — 19,1 мың км, станциялық жолдар — 6 мың км. жалпы ұзақтықтың 10 547 км) автобұғаттаумен жабдықталған, 8 816 км — диспетчерлік орталықтандырумен. Магистральдық темір жол желісіне қызмет көрсетеді 130 филиалдарының саны 56 мың адам. 2007 жылы темір жол көлігінің үлесі құрады бүкіл жүк айналымының 57,4% болып табылады.



Қазақстанның үлкен географиялық аумағына байланысты әуе көлігі үлкен рөлге ие және оны алмастырар басқа көлік түрлері жоқтың қасы. Қазақстанда 22 ірі әуежай бар, оның 14-і халықаралық рейстерге қызмет атқарады. Әуежайлардың көбісінің қызметі аса жүкті емес, республиканың аэронавигациялық тасымалдау қоры қазіргі таңда өз мүмкіндігінің бестен бір бөлігінде ғана қолданылуда. Осы сала үшін Еуропа және Азия арасындағы транзиттік жүк және жолаушы тасымалы аса маңызды. Air Astana Қазақстанның ең ірі әуе компаниясы болып табылады.

- Соңғы ірі инвестициялық жобалар:
- Астана қаласындағы жаңа әуежайлық комплекстің құрылысы;
- Атырау қаласының әуежайындағы жаңа ұшу-қону жолағының құрылысы;
- Алматы әуежайындағы жаңа заманауи жолаушы терминалының құрылысы;
- Ақтөбе әуежайының ұшу-қону жолағының жөнделуі;
- Ақтау әуежайының ұшу-қону жолағының жөнделуі;
- Ақтау әуежайындағы жаңа заманауи жолаушы терминалының құрылысы.



Қазақстанның кеме жүруіне ашық су жолдарының ұзындығы 3982 км. Кеме жүруіне жарамды су жодары: Ертіс, Сырдария, Жайық, Қиғаш, Іле және Есіл өзендері (Петропавл су қоймасынан бастап), Бұқтырма, Өскемен, Шүлбі, Қапшағай су қоймалары, Балхаш және Зайсан көлдері.

Каспий теіңзң арқылы Қазақстан Ресей, Иран, Әзірбайжан, Түркіменстанмен байланысады. Ресей өзендері мен кеме жүретін каналдар арқылы Қара және Балтық теңіздерімен, одан ары Батыс Еуропа елдерімен байланысады. Ақтау порты Қазақстанның суы қатпайтын жалғыз теңіз порты болып табылады. Ол халықаралық су жолдарындағы стратегиялық маңызға ие.



Қазақстан арқылы жалпы ұзындығы 23 мың км болатын 5 халықаралық автокөлік бағыттары өтеді. Автокөлік магистральдары:

- Алматы — Астана — Қостанай (М-36 трассасы), Челябинскке шығады;
- Алматы — Петропавл, Омскке шығады;
- Алматы — Семей — Павлодар (М-38 трассасы), Омскке шығады;
- Алматы — Шымкент (М-39 трассасы), Ташкентке шығады;
- Шымкент — Ақтөбе — Орал (М-32 трассаы), Самараға шығады.



Қорытынды

Тасымалдау — адамдар мен жүктерді таситын материалды өндіріс саласы. Қоғамдық өндіріс құрылымында тасымалдау материалды қызмет өндіру сферасына жатады. Материалды ағымның шикізаттың алғашқы кезінен бастап соңғы тұтынушыға дейінгі жолында орындалатын логистикалық операциялардың көп бөлігі түрлі көлік құралдарын қолдану арқылы жүргізіледі. Бұл операцияларды орындауға кететін шығындар логистикаға кететін жалпы шығындардың 50 пайызға дейінгі шамасын құрайды. Тасымалдау екі элементтен — жаппай пайдаланылатын көліктен және жаппай пайдаланылмайтын көліктен тұратын жүйе барлық табылады.